

БЕКІТЕМІН
Қарағанды облысы
білім басқармасының
Жезқазған қаласы
білім бөлімінің
«№13 ЖББМ» КММ
директорының м.а.

Ж.А.Смагулова



Қарағанды облысы білім басқармасының
Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«№13 жалпы білім беретін мектебі» КММ
мектеп Парламентінің
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ереже

- 1.1. Мектеп өзін-өзі басқару ұйымы мектеп Парламенті (бұдан әрі Парламент) деп аталады.
- 1.2. Мектеп Парламентін мектеп оқушылары құрайды.
- 1.3. Парламенттің жоғарғы органы - фракциялар көшбасшыларының жиналысы.

2. Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

3. Парламенттің міндеттері:

- 3.1. білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға катысуға нақты мүмкіндік беру;
- 3.2. ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- 3.3. әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- 3.4. өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

4. Күтілетін нәтижелер:

- 4.1. Адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;

4.2 Қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;

4.3. Білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту.

5. Парламенттің құрылымы:

5.1. Мектеп Президенті

5.2. Патриотизм фракциясы

5.3. Қамқорлық фракциясы

5.4. Құқық және тәртіп фракциясы

5.5. Ақпарат фракциясы

5.6. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы

5.7. Экология және еңбек фракциясы

5.8. Білім фракциясы

5.9. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы

5.10. Мәдениет фракциясы

5.11. Дебат қозғалысы фракциясы

6. Мектеп Президентін сайлау:

6.1. Парламент көшбасшысы сайлауда білім алушылар мен білім беру ұйымының педагогтері сайлайтын президент болып табылады.

6.2. Президент оқу жылының қыркүйек айында 1 оқу жылы мерзіміне сайланады.

6.3. Президент оқу жылының жетістігіне қарай екінші жылғы сайлауда да үміткер бола алады.

7. Парламент фракцияларының басшылары мен мүшелерін тағайындау:

7.1. Парламент фракцияларының басшысы болып Президент сайлауынан кейін /сайлауда аз дауыс жинаған үміткерлер/ тағайындалады

7.2. Парламент фракцияларының басшысы 1 оқу жылы мерзіміне сайланады.

7.3. Қажет болған жағдайда Парламенттің шешімі бойынша оның құрамына білім алушылар арасынан Парламент мүшелері қосымша сайланады.

7.4. Парламент мүшелерін сайлау сыныптар мен топтардың жиналыстарында жүзеге асырылады.

8. Сыныптағы мектеп Парламенті өкілдігін тағайындау

8.1. Сыныптағы мектеп Парламентінің өкілдігін сайлау әр сыныпта қыркүйек айында әлеуметтік желіде (фейсбук, инстаграм парақшаларында) дауыс беру арқылы өтеді.

8.2. Көп дауыс жинаған үміткер сынып омбудсені болып тағайындалады.

8.3. Қалған үміткерлер сыныптағы мектеп Парламентінің фракцияларына басшы болып тағайындалады.

9. Жарғыға өзгеріс енгізу шешімі:

8.1. Аталған Жарғы әр сыныпқа таратылып, сайлау алдында талқылау жасалынады.

8.2. Жарғы барлық оқушыға қолжетімді болады (мектеп стендінде ілінеді)

8.3. Жарғыға өзгеріс немесе толықтыру енгізу туралы ұсыныс жазбаша түрде қабылданады.

8.4. Жарғыға өзгеріс немесе толықтыру енгізу туралы сұрақтар мектеп Парламенті жиналысында қарастырылады.

10. Мектеп Президентінің міндеті:

10.1. Парламент Президенті қажет болған жағдайда білім беру ұйымының түрлі алқалы органдарының отырыстарына қатысады.

10.2. Мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілерімен бірлесе жұмыс жүргізеді.

10.3. Парламент қызметіне басшылық жасайды.

10.4. Парламент жұмысына қолдау және көмек көрсетеді.

10.5. Парламент фракциясы басшыларының жұмысын үйлестіреді.

10.6. Мектеп Парламенті шешімінің орындалысын бақылайды.

10.7. Сынып омбудсменінің жұмысына бақылау жасайды.

11. Мектеп Парламенті фракция көшбасшыларының міндеттері:

11.1. Патриотизм фракциясы

11.1.1. «Жас Қыран», «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдері ұйымы, «Жас Сарбаз» клубының жұмысын үйлестіреді.

11.1.2. «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу» бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырады

11.2. Қамқорлық фракциясы

11.2.1. «Қамқорлық» акцияларын ұйымдастырады

11.2.2. «Еріктілер» клубының жұмысын үйлестіреді

11.3. Құқық және тәртіп фракциясы

11.3.1. «Адал ұрпақ» клубы жұмысын үйлестіреді

11.3.2. «Құқықтық тәрбие» бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырады.

11.3.3. «Құқықтық сана-қауымға пана» жобасының жұмысын үйлестіреді

11.4. Ақпарат фракциясы

11.4.1. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу» бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырады

11.4.2. Мектептің әлеуметтік желі (фейсбук, инстаграм паракшаларын) жүргізеді.

11.5. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы

11.5.1. «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырады

11.6. Экология және еңбек фракциясы

11.6.1. «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырады

11.6.2. «ЭкоДОС» клубының жұмысын үйлестіреді

11.7. Білім фракциясы

- 11.7.1. Білім алушылардың білім сапасын арттыруда директордың ОТІ жөніндегі орынбасарларымен бірлесе жұмыс жүргізеді, іс-шараларды ұйымдастырады
- 11.8. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
 - 11.8.1. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын үйлестіреді
- 11.9. Мәдениет фракциясы
 - 11.9.1. Мәдени-шығармашылық іс-шараларды, байқауларды ұйымдастырады
- 11.10. Дебат қозғалысы фракциясы
 - 11.10.1. «Дебат» қозғалысы жобасын үйлестіреді, «Дебат» клубының жетекшісі Л.Абдрамановамен бірлесе жұмыс жасайды